

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Ата- аналар жиналысының хаттамасы

(Еркемай кіші тобы)

2023-2024жж

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

01.09.2023ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші: Едресова А.Н.

Ата-аналар – 15

Хатшы – Сүндетова А.Д.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Ата-аналармен сауалнама жүргізу 2 жастағы балалардың ерекшелігі.
2. «Сіз қандай ата-анасыз?» тренинг
3. Әртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша тәрбиеленушілердің қатысымын және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, былтырғы жылдық қорытындысын балабақша әдіскері Г.У.Мусагалиева айтып өтті. Ата-анамен сауалнама жүргізіліп, қорытындыланды.


Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша тәрбиеші: Едресова Акбобек ата-аналарға тәрбиеленушілердің балалардың балабақша бейімделуі, күн тәртібімен таныстырды.

Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртібіне сәйкес қуаттандырғышы бар және ұшты ойыншықтар әкелмеуін қадағалауды тапсырылды.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына балабақша дайындығы жақсы деп шешілді.
2. Балабақшадағы тәрбиеленушілердің қатысымын қадағалау, топ тәрбиешісі А.Н.Едресоваға жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

05.11.2023ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші: Едресова А.Н.

Ата-аналар – 16

Хатшы – Сүндетова А.Д.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Қазан айының қатысым қорытындысы.
2. Дөңгелек үстел: «Баланы қалай тәрбиелеу керек?». / Едресова А.Н./
3. Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбиеші Едресова Акбөбек қазан айының қатысымы қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. топта 19 тәрбиеленуші бар, олардың 10 қыз бала, 9 ұл бала.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі тәрбиеші ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға балалардың себепсіз балабақшадан қалмауын немесе қалған жағдайда денсаулығына байланысты анықтама ала келуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Самал:

- Акбөбек тәрбиешіміз өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылып, баламызды сипап сезу арқылы танып, сурет салып көңіліміз бір көтеріліп қалды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз. Сонымен қатар ұлым Мансурдың үйдегі уақытта қадағалап отырамын.

Ата-ана Мейрамгуль:

- Дөңгелек үстел мағанда ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен анасы ретінде емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын.

Шешім:

1. Қазан айының қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
2. Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
3. Балалардың тәртібі, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

22.02.2024ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші:Едресова А.Н.

Ата-аналар – 16

Хатшы – Сүндетова А.Д.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. I-жарты жылдықтың қорытындысы. Едресова А.Н.
2. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі». / Едресова А.Н.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша тәрбиеші Едресова А.Н.балалардың қатысымын аралық және бастапқы мониторингпен таныстырылып қорытындысымен таныстырды. I-жарты жылдық қорытындысы бойынша топ сапасы 62%-ды көрсетті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша тәрбиеші Едресова А.Н. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Бүгінгі тәрбие беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруда отбасы шешуші рол атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Назым:

- Баяндама жақсы, түсінікті болды. Балабақшамен әрқашанда тығыз байланыста болуға тырысамыз. Баламыздың тәрбиелі білімді болғаны барлық ата-ана үшін маңызды деп ойлаймын. Балабақшамен , тәрбиешілермен жақсы қарым-қатынас жасаған. Ұйымдастыру жұмысы да жақсы.


Ата-ана Гулрайхан :

- Жиналыста баламыздың тәрбиелі, жақын білім алу үшін топ тәрбиешілермен, балабақшамен жақсы қарым-қатынаста болу керек екендігін түсіндім. Сонымен қатар өткізілетін шараларға да қатысуға мүмкіндігімше тырысамын.

Шешім:

1. I- жарты жылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
2. Бала тәрбиесін қадағалау жұмыстары ата-ана жағынан күшейтілсін.
3. Балалардың қатысым, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешілермен ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

19.05.2024ж.

Қатысқандар:

Тәрбиеші:Едресова А.Н.

Ата-аналар – 16

Хатшы – Сүндетова А.Д.

Күн тәртібінде:

1. Жылдық қорытынды есебі. Едресова А.Н.
2. «Жазғы демалысты балалар қалай өткізу керек?» (сұхбат) / Едресова А.Н.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I- ші мәселеге сәйкес ата-аналар балаларының жылдық қатысымын қорытындысын тыңдады.Бастапқы және аралық мониторинг нәтежесімен қорытындысымен салыстырғанда соңғы мониторинг қосылып сапа 70%-ға көтерілді.


Күн тәртібіндегі II- ші мәселе бойынша «Жазғы демалысты балалар қайда өткізу керек?» тақырыбында ата-аналармен сұхбаттасты. Әр ата-ана өз баласының тәртібіне толықтай қанағаттанатынын айтты.

Келесі оқу жылына сәттілік тілеп,жазғы сауықтыру жұмыстары жүргізілінетінің ескертіп,ата –аналарға балаларды жазғы уақытта балабақшада қалдыруға ұсыныс білдірді.

Шешім:

1. Жылдық қатысым қорытындысы «өте жақсы» деп бағалансын.
2. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру ата-аналар ментәрбиешіге жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы:



А.Н.Едресова
Сүндетова А.Д

Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез — құлқына, әдебіне, іс — әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.
- іс - әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс - әрекеттерге қатысу,)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім — тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата — аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата — аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай — ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата — аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ — жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата — аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс — тәсілдері

қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым — қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата — аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс — шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтер, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата — аналар бір — бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніңіз, ата — ананың қоғам

алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата – анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым — қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір — бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлескенде ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата — аналармен бірлесіп жұмыс істеу нәтижелілігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата — ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастыру. Ата — ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс — әрекеттерге ата — аналар қатыстырылады. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата — аналарға бағыттау, әдіс — тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім — тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке — жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез — құлқына, әдебіне, іс — әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.